# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 150-ҚОСЫМША

*Ескерту. 150-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. 1. Құны: 1099321 мың теңге (бір миллиард тоқсан тоғыз миллион үш жүз жиырма бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексінің) 425-бабы ; "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 5-бабы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9-бабы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан

Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3 , 8 , 21-24-баптары ; " Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 28-бабы ; "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін Арттыруды жетілдіру жөнінде одан әрі жүргізілетін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы ; "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды лицензиялаудың тәртібі мен шарттары және біліктілік талаптары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1621 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысы ; " Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасының Концепциясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1706 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін реттейтін кейбір мәселелер" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 62 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Оларға жүктелген функциялар мен міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының, оның комитеттерінің және олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ету, өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерді, дағдылар мен машықтарды жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратын, оның комитеттерін және олардың аумақтық бөлімшелерін ұстау; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру; Министрліктің және оның аумақтық органдарының жергілікті-есептеу желілеріне жүйелі-техникалық қызмет көрсету; ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсету; деректерді тарату желілеріне рұқсат беру жөніндегі қызметтер көрсетуге абоненттік және жалға алу төлемдерін қамтитын Министрліктің және оның аумақтық органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелерін сүйемелдеу; лицензиялар және өзге де рұқсат құжаттарын беру және лицензиаттардың лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын сақтауына бақылау жасау; бақылау-өлшеу салмақ өлшеу жабдығын, арнайы автомобиль көлігін және инспекторлық су кемелерін күтіп ұстау, қызмет көрсету және жөндеу; материалды-техникалық базаны нығайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | Көлік және коммуника-циялар саласындағы уәкілетті органның қызметін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қамтамасыз ету | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | 374 бірлік санындағы штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық аппаратын және оның комитеттерін ұстау. Бекітілген қажеттілік нормативіне сәйкес 12 бірлік санындағы қызметтік автокөлікті күтіп ұстау, жалға алу. Шамамен 150 000 дана санындағы қатаң есептік бланкілерін, соның ішінде лицензиялар, рұқсаттар бланкілерін, есептік және өзге де құжаттарды жасау жөніндегі қызметтер көрсетуді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | 992 бірлік санындағы штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі комитеттерінің аумақтық органдарын ұстау. Бекітілген | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қажеттілік нормативіне сәйкес 32 бірлік санындағы қызметтік автокөліктерді және 78 бірлік санындағы арнайы автокөліктерді күтіп ұстау, жалға алу. Функционалдық мүліктерді, 77 бірлік бақылау-өлшеу салмақ өлшеу жабдығын және 26 бірлік инспекторлық су кемелерін күтіп ұстау. | | |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу, соның ішінде мемлекеттік тілді үйрету, біліктілікті арттыру курстарын өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны 350 адам. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 5 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын | Атырау және Солтүстік Қазақстан облыстық автомобиль жолдары және инфрақұрылымдық кешен құрылысы басқарма- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | күрделі жөндеу | ларының ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу. | | |
| 6 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 35 газболжауыштар, 34 түтін өлшеуіштер, 26 бірлік факс, 16 бірлік көшіру техникасы. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 7 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | 2192 есептеу техникалық құралдарын техникалық қамтамасыз ету. Жиынтықтаушы, қосалқы және шығын материалдарын сатып алу. 5 бірлік лицензиялық бағдарламалық өнімдерді сатып алу. Есептеу техникалық құралдарын жүйелік қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне деректерді беру үшін VPDN арқылы Internet желілеріне кіру жөніндегі қызметтер. Есептеу техникалық құралдарын мынадай санда сатып алу: 1 бірлік сервер, 140 бірлік жұмыс станция, 3 бірлік ноутбук, 36 бірлік принтер, 4 бірлік сканер, | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

3 бірлік модем, 2 бірлік кросс шкаф. Темір жол транспортындағы жылжымалы құрамының жай-күйін есептеу жүйесі ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және іске қосу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелген функциялар мен міндеттерді сапалы және уақтылы орындау; қазіргі заманғы экономикалық жағдайларға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 151-ҚОСЫМША

*Ескерту. 151-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.10.22. N* 1065 *, 2005.12.02. N* 1183 *, 2005.12.06. N* 1202 *қаулыларымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 39206937 мың теңге (отыз тоғыз миллиард екі жүз алты миллион тоғыз жүз отыз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметінің арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкінің заем беру ниеті туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы Заңы ; "Жапония Халықаралық Ынтымақтастық Банкі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Батыс Қазақстанның жол желісін қайта құру жобасы бойынша Заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен

Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің арасындағы (Жол көлігі саласын қайта құрылымдау жобасы) Заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 20 шілдедегі  Заңы ; "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының  64-бабы ; "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының  17-бабы ; "Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы автомобиль жолдары саласын дамыту жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының келісімді (Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы-Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 31 қаңтардағы  Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Автожол саласын (Атырау-Ақтау) қайта құрылымдау" қарызы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 шілдедегі  Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы  Заңы ; Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы Қарағанды - Астана автожолының соңғы учаскесін (Вишневка мен Астана арасындағы IV секция) қайта жаңарту жөніндегі Истисна'А келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 қарашадағы  Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Сауд Даму Қоры арасындағы, 2000 жылғы 1 қарашаға сәйкес келетін, Қыжыраның 1421 жылғы Шабан айының 5 күні жасалған заем туралы келісімді ("Қарағанды - Астана жолының" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 наурыздағы  Заңы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 730  Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: көліктік инфрақұрылымды дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық маңызы бар автожолдарды салу, қалпына келтіру, қайта жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет саны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | коды | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 002 | | | | Республика-лық деңгейде автомобиль жолдарын дамыту |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру: Автомобиль жолдарын 10 112 419 мың теңге сомасында дамыту: 1. Батыс Қазақстандағы жолдар желісін қайта жаңарту - 6154292 мың теңге (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 257 ЖІЖ, 2003 жылғы 27 шілдедегі N 252 | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

ЖІЖ бұйрықтары бойынша): құрылысты қадағалау; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Батыс Қазақстан автожолдарын қайта жаңарту.

2. Алматы - Астана автожолын оңалту - 689332 мың теңге, оның ішінде:

2.1. Алматы - Гүлшат және Ақшатау - Қарағанды учаскесіндегі Алматы - Қарағанды - Астана - Бурабай автожолын оңалту - 384300 мың теңге: құрылысты қадағалау жөніндегі консультанттың қызметтері, мердігерлермен егжей-тегжейлі жобаға және келісім-шарттарға сәйкес автожолды қайта жаңарту, жабдықтар сатып алу.

2.2. Осакаровка - Вишневка - 231751 мың теңге: құрылысты қадағалау, мердігерлермен егжей-тегжейлі жобаға және келісім-шарттарға сәйкес автожолды қайта жаңарту.

2.3. Вишневка - Астана

- 73281 мың теңге: жабдықтар сатып алу.

3. Автожол саласын дамыту жобасы (Алматы - Бішкек) - 3138795 мың теңге (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 373 ЖІЖ, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 372 ЖІЖ, 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 361 ЖІЖ бұйрықтары бойынша), соның ішінде мына учаскелерде:

3.1. Алматы-Ұзынағаш 374215 мың теңге: егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен шарттарға сәйкес Ұзынағаш - Георгиевка учаскесінде Алматы-Георгиевка автожолын қалпына келтіру.

3.2. Ұзынағаш - Георгиевка учаскесі - 2764581 мың теңге: құрылысты қадағалау; жабдықтарды сатып алу; егжей-тегжейлі жобаға

және мердігерлермен шарттарға сәйкес Ұзынағаш-Георгиевка учаскесінде Алматы-Георгиевка автожолын қалпына келтіру.

4. Ақтау - Атырау автожолын қайта жаңарту - 130000 мың теңге (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 185 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 186 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 187 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 188 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 189 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 190 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 191 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 192 ЖІЖ бұйрықтары бойынша): құрылысты қадағалау, егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен шарттарға сәйкес Ақтау -

Атырау автожолын қалпына келтіру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру: 1. Автожолдарды салу және қайта жаңарту - 404,3 км 13404336 мың теңге сомасында, соның ішінде: Ресей Федерациясының шекарасы - Орал - Ақтөбе - 177 км 5579547 мың теңге сомасына (Сараптама қорытындысы N 7-229/2003ж. 27.05.2003 ж.); Астана-Қостанай-Челябі - 200 км 7452047 мың теңге сомасында (Сараптама қорытындылары: N 14-03-03 ж. 28.02.2003 ж., N 14-06-03 ж. 19.05.2003 ж., N | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

14-02-03 ж. 20.01.2003 ж., N 14-206/04 ж. 30.10.2004 ж., N 14-177/04 ж. 05.10.2004 ж., N 14-175/04 ж. 30.09.2004 ж., N 14-209/04 ж. 29.11.2004 ж., N 14-222/04 ж. 30.11.2004 ж., N 2-646/03 ж. 13.12. 2003 ж.), N 2-237/05 25.04.05 ж., N 2-23/05 18.01.05 ж., N 2-689-Д/04 20.12.04 ж.: белгіленген тәртіп-пен мемлекеттік сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға, бекітіл-ген шарттарға сәйкес бар жол жамылғысын бұзу, жер жұмыстары, төсеу қабаты, ауыл шаруашылық өндіру-шілердің залалдары мен шығындарын өтеу, коммуникация-ларды қайта құру, жасанды құрылыстар-ды, жол негізін, асфальт-бетон жамылғыны, жол жиек-терін жайғастыру, жолды белгілеу, оның мән-жайы мен жайғастырылуы

бойынша жұмыстар, карьерлер мен қорларды қайта өңдеу, құрылысты, қайта жаңартуды қадағалауды жүзеге жасыру және технологиялық сүйемелдеу, техникалық ерекшеліктің мемлекеттік сараптамасы, жұмыстар көлемдері ведомостарын тарамдау. Пайдалануға енгізу.
82201 мың теңге сомаға Үшарал - Достық - 5,3 км (31-103 км) автожолын қайта жаңарту;
290541 мың теңге сомаға Риддер - Ресей Федерациясының шекарасы - 22 км (169-191 км) автожолының құрылысы;
2. 152726 мың теңге сомаға - республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға арналған жобалау-зерттеу жұмыстары, оның ішінде мыналар бойынша:
46409 мың теңге сомаға Астана - Қостанай - Челябинск 161 км (1002-1247 км ішінара) автожолы;
56317 мың теңге сомаға Таскескен - Бахты (ҚХР шекарасы) 187 км автожолын;

50000 мың теңге сомаға Шонжы - Көлжат учаскесіндегі 110 км Ақсай - Шонжы - Көлжат автожолы. Геологиялық және геодезиялық іздестірулер, автожолдарды инструменталдық зерттеу; автожолдарды қайта жаңартуға және авариялық учаскелерді қайта жаңартуға арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу, құжаттамалардың таралымын көбейту, мемлекеттік және экологиялық сараптама жүргізу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша және сомалар шегінде республикалық деңгейде автомобиль жолдарын дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру: Автомобиль жолдарын 15537456 мың теңге сомасында дамыту, соның ішінде: 1. Батыс Қазақстандағы жол желісін қайта жаңарту - 14156539 мың теңге (Қазақстан Респуб- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

ликасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 30 маусымдағы N 257-ЖІЖ, 2003 жылғы 27 маусымдағы N 252-ЖІЖ бұйрықтары): ЖХЫБ комиссия; жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; құрылысты қадағалауға байланысты салықтарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шарттарға сәйкес Батыс Қазақстанның автожолдарын қайта жаңарту.

2. Алматы - Астана автожолын оңалту - 76819 мың теңге, оның ішінде:

2.1. Алматы - Гүлшат және Ақшатау - Қарағанды учаскесіндегі Алматы - Қарағанды - Астана - Бурабай автожолын оңалту - 35387 мың теңге: жабдықтар сатып алуға байланысты салықтарды төлеу; әлеуметтік салықты ескере отырып,

келісім-шарт талаптарына сәйкес техникалық аудармашылардың қызметтеріне ақы төлеу, жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; мердігерлермен егжей-тегжейлі жобаға және келісім-шарттарға сәйкес автожолды қайта жаңарту.

2.2. Осакаровка - Вишневка - 30440 мың теңге: қадағалауға байланысты салықтарды төлеу; Осакаровка - Вишневка учаскесіндегі жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу.

2.3. Вишневка - Астана - 10992 мың теңге: жабдықтарды сатып алуға байланысты салықтарды төлеу.

3. Автожол саласын дамыту жобасы (Алматы - Бішкек) - 1 135 098 мың теңге (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 373-ЖІЖ, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі N 372-ЖІЖ, 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N

361-ЖІЖ бұйрықтары), соның ішінде мынадай учаскелерде:

3.1. Алматы - Ұзынағаш - 131 135 мың теңге: жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шартқа сәйкес Алматы-Георгиевка автожолының Алматы-Ұзынағаш учаскесін қалпына келтіру.

3.2. Ұзынағаш - Георгиевка - 1 003 963 мың теңге: құрылысты бақылауға байланысты салықтарды төлеу; жабдықты сатып алуға байланысты салықтарды тиеу; жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісім-шартқа сәйкес Алматы-Георгиевка автожолының Ұзынағаш-Георгиевка учаскесін қалпына келтіру.

4. Ақтау - Атырау

автожолын қайта жаңарту - 169 000 мың теңге (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 185 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 186 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 187 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 188 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 189 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 190 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 191 ЖІЖ, 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 192 ЖІЖ бұйрықтары бойынша): құрылысты қадағалау; құрылысты қадағалаумен байланысты салықтарды төлеу; жолдарды қайта жаңартуға байланысты салықтарды төлеу; егжей-тегжейлі жобаға және мердігерлермен келісімшартқа сәйкес Ақтау-Атырау автожолын қалпына

келтіру.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: 404,3 км автожолдар салынды және қайта жаңартылды, келісім-шарттардың және жобалық-сметалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде сыртқы заемдар және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қалпына келтіру және қайта жаңарту.

Бюджеттік бағдарламаны орындау жолдардың техника-пайдаланымдық жай-күйін арттыруға мүмкіндік береді, республикалық және халықаралық қатынастағы автомобиль жолдарында көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз өтуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
152-ҚОСЫМША

*Ескерту. 152-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.10.22. N* 1065 *қаулыларымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республикалық маңызы бар автожолдарды күрделі, орташа және ағымды жөндеу, ұстау, көгалдандыру, диагностика және аспаптық құралдармен тексеру" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 15600824 мың теңге (он бес миллиард алты жүз миллион сегіз жүз жиырма төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 17-бабы ; "Қазақстан Республикасының Автожол саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 карашадағы N 730 Жарлығы ; "Жол саласының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы N 1527 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп ұстауға арналған қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 423 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: республикалық маңызы бар автожолдар бойынша көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз өтуін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу, көгалдандыру, күтіп ұстау және пайдаланылымдық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу, авариялық көпірлерді күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу және мемлекеттік сараптамадан өту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші баған. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Республикалық маңызы бар автожолдарды күрделі, орташа және ағымды жөндеу, ұстау, көгалдандыру, диагностика және аспаптық құралдармен тексеру | Авторлық қадағалауға, жер бөлуге, жобалық-сметалық құжаттаманы дайындауға, мемлекеттік және экологиялық сараптама жүргізуге, технологиялық қамтамасыз етуге, техникалық қадағалауға, көпірді сынауға, жұмыстар көлемдері ведомостарын тарамдауға арналған шығындар. I. Жобалық-сметалық құжаттама мен шарттарға сәйкес автожолдар мен жасанды құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

жұмыстарды жүргізу - 82,55 км және 15/797 көпірді және 25 көпірді және 76 км - республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу, жалпы сомасы 3888575 мың теңгеде, соның ішінде:

1. Ақмола облысы - 7 көпірді күрделі жөндеу: Р-11 Көкшетау-Рузаевка автожолы бойынша 18; 28; 31 км 3 көпірді күрделі жөндеу; 11 км сай арқылы және Р-12 Көкшетау-Атбасар автожолындағы 33 км Қошқарбай өзені арқылы өтетін көпірлерді күрделі жөндеу; Р-6 Макинск-Степногорск -Торғай автожолындағы 170 км Киікпай өзені және 195 км Сілеті өзені арқылы өтетін көпірлерді күрделі жөндеу;

2. Ақтөбе облысы - 7 көпірді күрделі жөндеуге арналған

жобалау-іздестіру жұмыстары;
3. Атырау облысы - 15 км автожолды және 1 жол өткелді күрделі жөндеу: 619-648; 669-682 км қара жамылғыны жөндеу және А-27 Ақтөбе - Атырау - РФ шекарасы (Астраханьға) автожолындағы 619 км жол өткелін жөндеу; 3 көпірді күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстары;
4. Шығыс Қазақстан облысы - 27 км автожолды күрделі жөндеу: А-8 Таскескен-Бақты (ҚХР шекарасы автожолындағы 146-152, 186-190 км қара жамылғыны жөндеу, Р-25 Өскемен-Зырян-Большенарым-Катон-Қарағай-Рахманов бұлақтары автожолындағы 19-46 км қара жамылғыға ауыстыру, Р-24 Өскемен-Семей автожолындағы 94-101 км қара жамылғыны жөндеу;

7 көпірді күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстары;
5. Батыс Қазақстан облысы - 10 км автожолды және 2 көпірді күрделі жөндеу: М-32 РФ шекарасы (Самараға) - Шымкент автожолының 205-215 км қара жамылғыны жөндеу, Уральск-Теплое РФ шекарасы автожолындағы 32 км көпірді және Сауда білігі арқылы өтетін кіреберіс-терді жөндеу, А-30 Подстепное-Федоров-ка-РФ шекарасы автожолындағы 142 км көпірді және Елек өзенінің сол жақ ағысы арқылы өтетін кіреберіс-терді жөндеу;
6. Қарағанды облысы - А-17 Қызылорда-Павлодар - Успенка - РФ шекарасы авто-жолындағы 905+750 км темір жол арқылы өтетін жолөткелді күрделі жөндеу; 5 көпірді күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру

жұмыстары;
7. Қостанай облысы - 6 км автожолдарды күрделі жөндеу: Р-36 Қостанай - Әулиекөл - Сұрған автожолындағы 139-145 км қарақиыршық тасты жамылғыны жөндеу; 3 көпірді күрделі жөндеу; Қарабұтақ - Комсомольская - Денисовка - Рудный - Қостанай автожолының 76 км күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстары;
8. Оңтүстік Қазақстан облысы - 10 км автожолды және 4 көпірді күрделі жөндеу: А-15 автожолындағы 173-183 км Жизақ-Қызыләскер-Жібек жолы қара қиыршықтасты жамылғыны жөндеу, Р-31 Кентау - Түркістан - Арыстан баб - Шәуілдір - Төрткөл. автожолындағы 54+430; 56+080; 61+430 км көпірлерді жөндеу.
9. Қызылорда облысы - жиыны 5,15 км 9,7

-21,40 (іріктеп) км, 35,4 - 39,9 (іріктеп) км "Қызылорда - Жалағаш - Самара - Шымкент" автожолындағы тасқын су бұзған салдарларды жою.

10. Павлодар облысы - 7 км Шідерті - Екібастұз учаскесін күрделі жөндеуді аяқтау;

11. Солтүстік Қазақстан облысы - 792-795 (2,4 км) км "Екатеринбург - Алматы" автожолын күрделі жөндеу.

II. Ақаулық ведомоске, жобалық-сметалық құжаттама мен шарттарға сәйкес орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу (соның ішінде, төмендеген орындарды көтеру арқылы жол жиегін бекіту, ісінулерді жою және тегістеу қабатын төсеу) 2188,2 км жолдарды, 12 дана көпірлер мен құбырларды жөндеу, 7328442 мың теңге сомасында, соның ішінде:

1. Ақмола облысы - 136 км;

2. Алматы облысы -

294 км, бұдан өзге көпірлер мен құбырларды жөндеу - 10 дана;

3. Ақтөбе облысы - 140 км;

4. Атырау облысы - 70 км;

5. Шығыс Қазақстан облысы - 360 км және бұдан өзге көпірлер мен құбырларды жөндеу - 2 дана;

6. Жамбыл облысы - 181 км;

7. Батыс Қазақстан облысы - 84 км;

8. Қарағанды облысы - 214 км;

9. Қызылорда облысы - 129 км;

10. Қостанай облысы - 125 км;

11. Маңғыстау облысы - 46 км;

12. Павлодар облысы - 131 км;

13. Солтүстік Қазақстан облысы - 183,2 км;

14. Оңтүстік Қазақстан облысы - 95 км.

III. Ақаулық ведомость пен шарттарға сәйкес республикалық маңызы бар автожолдарды

ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау және көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу - 4383807 мың теңге сомасында, соның ішінде:

1) республикалық маңызы бар автожолдарды (шұңқыр жөндеу - 1272 км, отыруларды, шұңқыршаларды, жолтабандарды жою, жолдардың жағдайы - 812 км), жол құрылыстарын, ғимараттарды, өндірістік базаларды, қосалқы құрылыстарды ағымдағы жөндеу, жолдарды жарықтандыру, Астана қаласының нөлдік шақырымынан шақырымдылықты есептеумен шақырымдық белгілерді және ақпараттық тақталарды қайта орнату;

2) ақаулық ведомостке, сметалық құжаттама мен шарттарға сәйкес көгалдандыру және орман көшеттерін күту - 950 км, мемлекеттік және экологиялық сараптамалар жүргізу арқылы республика-

лық маңызы бар автожолдарды, көгалдандыратын көшет егістерін отырғызуға арналған жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу; 3) ақаулық ведомостер мен шарттарға сәйкес қысқы, жасанды құрылыстарды, өндірістік базаларды, жол зертханаларын және оларды тексеруді, қосымша құрылыстарды, жолдарды жарықтандыруды, ауқымдылық қорларды қоса алғанда республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу; 4) автомобиль жолдарын басқару, диагностика және аспаптық құралдармен тексеру, өндірістік базалар, орман жолақтарын қоса алғанда республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына арналған техникалық паспорттар мен тұрақты жер пайдалануға мемлекеттік

актілерді ресімдеу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: республикалық маңызы бар автожолдарды ағымдағы жөндеу, күтіп ұстау және көгалдандыру, 82,55 км автожолды және 15/797 көпірді күрделі жөндеу, 76 км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын және 25 көпірді күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу, 2188,2 км орташа жөндеу, 12 дана құбырлар мен көпірлерді жөндеу.

Жоғарыда айтылған іс-шараларды орындау, жолдардың одан әрі бұзылуын тоқтатуға, республика өңірлері арасындағы көлік қатынасының техникалық жай-күйін сүйемелдеуге және қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және автокөлік тасымалдарының құнын төмендетуге, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға әкеледі. Жұмыстар сапасын Күрделі, орташа жөндеу бойынша жұмыстарды қабылдау нұсқаулығына және Қазақстан Республикасындағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды жіктеуге сәйкес Көлік инфрақұрылымын дамыту комитеті аумақтық органдары бақылайды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
153-ҚОСЫМША

*Ескерту. 153-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Су жолдарының кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1119054 мың теңге (бір миллиард бір жүз он тоғыз миллион елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі су жолдары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 желтоқсандағы N 1429 қаулысы ; "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі су жолдарында кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: навигациялық жабдықтар мен керек-жарақтар белгілерін қою және күтіп ұстау арқылы кеме жүрісінің кепілдендірілген көлемдерін қамтамасыз ету; түбін тереңдету (жер қарпу), түзету, түбін тазарту жұмыстарын атқару; кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерді) қауіпсіз жағдайда күтіп ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Су жолдары-ның кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау | Павлодар облысы; Ертіс өзенінің ұзақтығы 634 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 1400 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түбін тазалау жұмыстары - 5500 т; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 12 (бірлік); | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Көлік және коммуникация-лар министрлі-гі |

орташа жөндеу 4 (бірлік); жағдайлық жабдық пен мүлікті жөн-деу және шығару. Шығыс Қазақстан облысы: Шығыс Қазақстан СЖК: Ертіс өзенінің ұзақтығы 796 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгі-лерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 80 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; кеме тоқтайтын жер Азов- еміс Уваров дейінгі ұзақтығы 80 км учаскесінде қалыптарды жобалау-іздестіру жұмыста-рын жүргізу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюз-дерін күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жүргізу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авария-сыз жұмысын қамта-

масыз ету жөніндегі арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 11 (бірлік);
орташа жөндеу 5 (бірлік);
жағдайлық жабдық пен мүлікті жөндеу және шығару.
Семей СЖК:
Ертіс өзенінің ұзақтығы 288 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
415 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар;
түзету жұмыстары 55 мың текше м.;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 16 (бірлік);
орташа жөндеу 6 (бірлік);
негізгі жөндеу 2 (бірлік);
жағдайлық жабдық пен мүлікті жөндеу және шығару.
Батыс Қазақстан

облысы:
Жайық өзенінің ұзақтығы 623 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
240 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар;
түбін тазалау жұмыстары - 5200 т;
Жайық өзенінен 520 км учаскесінде қалыптарды жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 22 (бірлік);
орташа жөндеу 1 (бірлік);
жағдайлық жабдық пен мүлікті жөндеу және шығару.
Атырау облысы:
Жайық өзенінің ұзақтығы 333 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
флотты жөндеу:

ағымдағы жөндеу 3 (бірлік);
орташа жөндеу 3 (бірлік);
жағдайлық жабдық пен мүліктік жөндеу және шығару.
Алматы облысы:
Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында 330 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 4 (бірлік);
жағдайлық жабдық пен мүлікті жөндеу және шығару.
Қарағанды облысы
Балқаш өзенінде 978 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
флотты жөндеу:
ағымдағы жөндеу 3 (бірлік);
негізгі жөндеу 1 (бірлік);
жағдайлық жабдық пен мүлікті жөндеу және шығару.

Мемлекеттік техникалық өзен флотын жақсарту және жаңғырту, соның ішінде: Шығыс Қазақстан облысы: Шығыс Қазақстан СЖК: - өздігінен жүретін топырақсорғыш (1 бірлік); - кемелік навигациялық геодезиялық жабдық (1 жиынтық); - сүңгуірлік жабдығымен жүзетін катер Р2120 жоба (1 бірлік); Семей СЖК: жабдықтау теплоходы (1 бірлік).

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сандық көрсеткіштер:

су жолдарының ұзақтығы 3982 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 2135 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; 55 мың текше м. көлемінде түзету жұмыстары; 10700 тонна көлемінде түбін тазалау жұмыстары; пайдалануға жаңа енгізілетін Шульба шлюзін қажетті жабдықтармен және керек-жарақпен 45269 мың теңге; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 71 (бірлік); орташа жөндеу 19 (бірлік); негізгі жөндеу 3 (бірлік); су жолдарының 600 км учаскесінде қалыптарды жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде:

1) өздігінен жүретін топырақсорғыш - 1 бірлік;

2) кемелік навигациялық геодезиялық жабдық - 1 жиынтық;

3) сүңгуірлік жабдығымен жүзетін катер Р2120 жоба - 1 бірлік;

4) жабдықтау теплоходы - 1 бірлік.

сапалық көрсеткіштер:

ұзақтығы 3982 км қызмет көрсетілетін учаскелерде кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

гидротехникалық құрылыстарды күтіп ұстауды қамтамасыз ету (Өскемен, Бұқтырма мен Шульба шлюздері);

Өскемен, Шульба мен Бұқтырма шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі жұмыстар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
154-ҚОСЫМША

*Ескерту. 154-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3688542 мың теңге (үш миллиард алты жүз сексен сегіз миллион бес жүз қырық екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы ; " Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 369 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы Әуежайды қайта жаңарту

жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімге түзетуге қатысты Қазақстан Республикасы мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы қосымша келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 637 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласындағы әуежайдың техникалық параметрлерінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, жолаушыларға сапалы және қолайлы қызмет көрсету. Ақтөбе қаласының әуежайында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін кеңейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласы әуежайының жолаушылар терминалын салу, әуежайдың инфрақұрылымын құру. Ақтөбе қаласы әуежайының жасанды ұшу-қону жолағының жамылғысын қайта жаңарту (күшейту), жарық сигналын беру және метеожабдықты қайта орнату.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са-ны | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | | Әуе көлігі инфрақұрылы-мын дамыту | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | 1 222 037 мың теңге сомасына Астана қаласының халықаралық әуе-жай-ын қайта жаңарту:<br>- ККАА/PCI консор-циумының консал-тингтік қызмет көрсету; | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Көлік және коммуникация-лар министрлі-гі |

- Астана қаласындағы әуежайдың ғимаратын және Siemins-Marubeni-Laing-Alarko консорциумының оған іргелес құрылыстарын қайта жаңарту бойынша

құрылыс жұмыстары.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы желтоқсандағы N 1289 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес, төмендегі іс-шаралар бойынша бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Ақтөбе халықаралық әуежайының ІЖӨ қайта бекіту туралы" 2005 жылғы 14 қаңтардағы N 12 ЖІЖ (түзету) бұйрығы) "Ақтөбе қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту" инвестициялық жобасын іске асыру: 1. ұшу-қону жолағын қайта жаңарту; 2. агро іс-шаралар (әуе кемелерінің | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

ұшу, қону және маневр жасауы кезінде әуеайлақта шаңдануды азайту мақсатында шымды жамылғыны қалпына келтіру және төсеу);
3. ӘҚБ объектілерін көшіру;
4. байланыс объектілерін орнату;
5. ОВИ-1 қонудың жарық сигналын беру жүйесін сатып алу және орнату;
6. уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу;
7. метеожабдықты сатып алу және орнату;
8. ҰҚЖ қайта жаңарту бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы және жұмыс құжаттамасын әзірлеу;
9. тапсырыс берушінің резерві;
10. жобалау-іздестіру жұмыстары;
11. технологиялық қамтамасыз ету;
12. авторлық қадағалау;
13. тапсырыс берушінің техникалық қадағалауды жүзеге асыруы;
14. жобаны мемлекет-

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | пен сараптамадан өткізуді жүзеге асыру; 15. салықтарды және бюджетке төленетін басқа төлемдерді төлеу. |
| 4 | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Астана қаласының халықаралық әуежайын 856 245 мың теңге сомаға қайта жаңарту жобасы: 1. Салықтарды және кедендік баждарды төлеу және ВОТМ және JBIC комиссияларының төлемдерін өтеу 556 245 мың теңге сомасында; 2. Астана қаласының әуежайы салынып жатқан жолаушылар терминалының халықаралық тасымал өнімділігін 300 000 мың теңге сомаға ұлғайтуға: 1) Ұшып келген жолаушылар үшін 2 қосымша эскалатор сатып алу және орнату; 2) Багаж бөлімшесін ұлғайту (трансферлік жолаушылардың багажын сақтау); 3) Кейінге қалдырылған рейстердің багажын сақтау |

қоймасын кеңейту.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: консалтингтік қызметтер көрсетуді ұсыну, ғимараттар мен іргелес құрылыстарды салу; халықаралық және ішкі рейстер көлемін арттыру, ұшу қауіпсіздігін арттыру, халықаралық тәжірибені және технологияларды жергілікті мердігерлік, жобалау және консалтингтік ұйымдарға беру. Астана қаласы әуежайының салынып жатқан жолаушылар терминалының халықаралық тасымалдары өнімділігін өсіру. Ақтөбе қаласы халықаралық әуежайында әуе кемелерінің қауіпсіз ұшуларын және қонуларын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының авиациялық транзиттік мүмкіндігін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
155-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Астана қаласында халықаралық әуежай құрылысына кредит беру" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 355853 мың теңге (үш жүз елу бес миллион сегіз жүз елу үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы ; "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 369 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласы әуежайының техникалық параметрлерінің сәйкестігін қамтамасыз ету және жолаушыларға жайлы қызмет көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласы әуежайындағы жолаушылар терминалының құрылысы, әуежайдың инфрақұрылымын құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Реттік саны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | | Астана қаласында халықаралық әуежай құрылысына кредит беру | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | ККАА/PCI консорциумының консалтингтік қызметтері. Астана қаласындағы әуежайдың ғимаратын қайта жаңарту жөніндегі құрылыс жұмыстары және Siemens-Marubeni-Laing-Alarko консорциумның оған іргелес ғимараттары (келісім-шарт құны көлемінің 20%) | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: консалтингтік қызметті ұсыну, ғимаратты және іргелес құрылыстарда салу. Халықаралық және ішкі

рейстердің сандарын арттыру, ұшу қауіпсіздігін арттыру, жергілікті мердігерлік, жобалық және кеңесші ұйымдарға халықаралық тәжірибе мен технологияларды беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
156-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Темір жол көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 439190 мың теңге (төрт жүз отыз тоғыз миллион бір жүз тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ұлттық жабық темір жол желісін қалыптастыру арқылы Қазақстан Республикасының көліктік егемендігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Хромтау-Алтынсарин темір жол желісін салу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 008 | Темір жол көлігі инфрақұрылымын дамыту | Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес Хромтау-Алтынсарин жаңа темір жол желісі құрылысын жалғастыру (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 29 наурыздағы N 131 ЖІЖ бұйрығы), соның ішінде: - жер жұмыстары, жасанды құрылыстар, карьер мен резервтерді қайта құнарландыру; - жолдың жоғарғы қабаты; - белгі беру, орталықтандыру, бұғаттау және байланыс құрылғысы; - өндірістік, қызметтік ғимараттар мен құрылыстар; - энергетикалық шаруашылық; - сырттай электрмен жабдықтау; - тұрғын үй - азаматтық құрылыс объектілері; - су құбыры, кәріз, жылумен қамтамасыз | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

ету, газбен қамта-
масыз ету;
- пайдаланылымдық
құрал-сайман мен
аспап.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: құрылысты аяқтау және жаңа темір жол желісін пайдалануға енгізу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
157-ҚОСЫМША

*Ескерту. 157-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 8862200 мың теңге (сегіз миллиард сегіз жүз алпыс екі миллион екі жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы ; " Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 карашадағы N 1188 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы халқының темір жол тасымалдарына әлеуметтік-қажетті мұқтаждықтарын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша Қазақстан халқын темір жол көлігімен үздіксіз және қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету; темір жол жолаушылар тасымалынан болатын шығындарды

республикалық бюджеттен жабу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес республикалық және халықаралық қатынастар бойынша жолаушы тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан киілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы халқының республикалық және халықаралық қатынастары темір жол тасымалдарына әлеуметтік-қажетті мұқтаждықтарын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
158-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Көлік және коммуникациялар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 83400 мың теңге (сексен үш миллион төрт жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001 -2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы N 730 Жарлығы ; "Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі N 566 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 726 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: автожол саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу; республиканың көлік магистралдары бойынша транзиттік және экспорттық-импорттық тасымалдардың көлемін көбейту және тиімділігін арттыру үшін Қазақстанның транзит-көлік әлеуетін жетілдіру мен дамытуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық және қаржылық сипаттағы өзекті өзара байланысқан шаралардың кешенін белгілеу және іске асыру, сондай-ақ осы шараларды іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды нақтылау және оларды жүзеге асырудың орынды кезеңділігін белгілеу; автомобиль көлігінің қызмет ету тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ғылыми зерттеулерді жүргізу, нормативтік дерекқорды жаңарту және халықаралық талаптарға сәйкес автожол саласындағы ұлттық нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру. Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетінің қазіргі жай-күйін талдау, транзит-көлік әлеуетті дамыту бойынша негізгі бағыттар мен іс-шараларды пысықтау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру. Автомобиль көлігі саласының нормативтік құқықтық базасын құру және жетілдіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Көлік және коммуника-циялар саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | 15 тақырып бойынша автожол саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Тақырып бойынша транзиттік әлеует саласында қолданба-лы ғылыми зерттеу-лерді әзірлеу. Автомобиль көлігі саласында 6 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сарапта-маларды жүргізу бойынша | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Көлік және коммуникация-лар министрлі-гі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жол саласын нормативтік-техникалық құжаттамамен қамтамасыз ету; жаңа озық технологияларды ғылыми әзірлеу және енгізу; нормативтік құжаттаманы қолданыстағы халықаралық стандарттармен үйлесімді ету. Орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ғылыми-сараптау кеңесінің қорытындысымен анықталады.

Одан әрі көлікті оңтайлы дамыту және шекарадан өтуді оңайлату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамыту жөніндегі екі ғылыми негізделген ұсыныс әзірлеу, соның ішінде транзиттік тасымалдаудың мультимодальдық және интермодальдық жүйелерінің тетіктерін енгізу. Орындалған жұмыстардың сапасы

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ғылыми-сараптау кеңесінің қорытындысымен белгіленеді.

Автомобиль көлігі саласын нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық құжаттамамен қамтамасыз ету. Орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ғылыми-сараптау орталығының қорытындысымен анықталады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
159-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Темір жол саласының стандарттарын әзірлеу" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 23040 мың теңге (жиырма үш миллион қырық мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 4-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықаралық стандарттарға көшу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін стандарттау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық қауіпсіздік жөніндегі стандарттар мен нормативтік құжаттар кешенін құру. Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік стандарттарын енгізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші баға. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Темір жол саласының | 45 стандартты әзір- леу бойынша қызмет- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы- |

| | | |
|---|---|---|
| стандартта-рын әзірлеу | терге ақы төлеу | ның Көлік және коммуникация-лар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: темір жол көлігінде жолаушылар және жүк тасымалдарының сапасын арттыру; 45 стандартты әзірлеу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
160-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Астана қаласының халықаралық әуежайын дамыту" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1762085 мың теңге (бір миллиард жеті жүз алпыс екі миллион сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Астана қаласындағы инфрақұрылымды дамыту және әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Астана қаласы әуежайы техникалық параметрлерінің сәйкестігін қамтамасыз ету және жолаушыларға қолайлы қызмет көрсету, IIIB санатының метеоминимумы бойынша қонуға дәл келу үшін Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қосымша жабдықтау, жолаушыларға

халықаралық деңгейде жоғары сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, "Мабетекс Прожект Инжиниринг СА" фирмасына қосымша құрылыс жұмыстарын орындағаны үшін қарызды төлеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ұшу-қону жолағының жарық сигнал беру жабдығын жаңғырту, Астана қаласы әуежайының жолаушылар жаңа терминалы ғимаратының ауданында 350 автомобильге арналған жабық автотұрақ салу, әуежайдың инфрақұрылымын жасау, "Мабетекс Прожект Инжиниринг СА" фирмасына қарызды өтеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Астана қаласының халықаралық әуежайын дамыту | Мына шараларды жүзеге асыру үшін "Астана мемлекетаралық аэропорты" ЖАҚ жарғылық қорын ұлғайту: 1. IIIB ИКАО санатының метеоминимумы бойынша қонуға дәл келу үшін Астана қаласындағы халықаралық әуежайды 963 530 мың теңге сомасына қосымша жабдықтау (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 26 | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

шілдедегі N 330 ЖІЖ бұйрығы):

1.1 Жарық сигнал беру жабдығын бөлшектеу және құрастыру:

1) Глиссадтық оттар - 4 дана;

2) Шағын қарқынды жақындау оттары - 25 дана;

3) Жақындаудың бүйірлік оттары - 54 дана;

4) Кіреберіс оттары - 18 дана;

5) Қону аймағындағы оттар - 180 дана;

6) Шектеу оттары - 6 дана;

7) Жақындау және жарық беру көкжие-гінің оттары - 164 дана;

8) Жақындаудың импульстық оттары - 21 дана;

9) 100кВА УПС-ты 180кВА-ға ауыстыру - 4 дана;

10) 250кВА дизель генераторын 400 кВА-қа ауыстыру - 2 дана;

11) 250кВА транс-форматорын 400кВА-қа ауыстыру - 4 дана;

12) ТП2А және ТП3А қайта жаңарту -

200 ш.м;
1.2 Жарық сигнал беру жабдығын орнату:
1) ҰҚЖ осьтік оттары - 280 дана;
2) Қону оттары - 20 дана;
3) РЖ осьтік оттары - 580 дана;
4) Астана қаласы халықаралық әуежайының ұшу-қону жолағынан шығу оттары - 150 дана;
5) Тоқтау оттары - 25 дана;
6) Әуеайлақтық басқарылатын жарық беру көрсеткіштері - 4 дана;
7) Жарықты реттеугіштер - 16 дана;
8) в/в кабелін салу - 94 км;
9) н/в кабелін салу - 132 км;
10) Д=32мм металл құбырлар - 26км;
11) Эл.құдықтар - 1115 дана;
12) Бағдарламалық қамтамасыз ету, мнемосызба және КДП диспетчерінің басқару пульті;
13) Бүйірлік рульдеу оттары - 40 дана.

1.3 Метеорологиялық аспаптарды бөлшектеу және құрастыру:
1) бұлтты өлшегіштер - 2 датчик;
2) көрінім аспаптары - 2 датчик;
3) желді өлшеуге арналған аспаптар - 2 датчик.
2. Астана қаласындағы: халықаралық әуежайында жабық автотұрақты 511 690 мың теңге сомасына салу (Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2004 жылғы 28 шілдедегі N 335 ЖІЖ бұйрығы):
1) Жер жұмыстары;
2) Іргетасты орнату;
3) Каркасты құрастыру;
4) Сыртқы қабырғалардың тасын қалау;
5) Ішкі қабырғаларды және қалқаны орнату;
6) Қабаттарды жабу;
7) Төбені орнату;
8) Терезе және есік блоктарын орнату;
9) Еденді төсеу;
10) Жылыту жүйесін

құрастыру;
11) Электр жарық беруді құрастыру;
12) Сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін құрастыру;
13) Өңдеу жұмыстары;
14) Желдету және ауаны салқындату жүйелерін құрастыру;
15) Сыртқы өңдеу;
16) Кіру және шығу топтарын орнату;
17) Су құбырының, кәріздің және электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері;
18) Көгалдандыру;
19) Көріктендіру;
20) Басқа да жұмыстар;
21) Жобалау-іздестіру жұмыстары.
3. "Астана халықаралық әуежайы" ЖАҚ-ның "Мабетекс Прожект Инжиниринг СА" фирмасы алдындағы 286 865 мың теңге сомасына қарызын өтеу (1998 жылғы 10 ақпандағы V-261 Келісім-шартқа N 2 қосымша, V-261 Келісім-шарттың N 2 қосымшасына әуежай ғимаратын қайта жаңарту

жөніндегі орындалған қосымша жұмыстар актісі).

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ЖҰҚЖ жарық сигнал беру жабдығын III санатқа ИКАО келтіру кемінде 200 метр көрінім қашықтығында әуе кемелерін қабылдауға және ұшу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, автомобильдерді қою үшін жиналған алымдардан қосымша ақша қаражатының түсуін және тиісінше бюджетке төленетін салық төлемдері түріндегі аударымдарды арттыру, жолаушыларға халықаралық деңгейде жоғары сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, "Мабетекс Прожект Инжиниринг СА" фирмасына орындаған қосымша құрылыс жұмыстары үшін қарызды төлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 161-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі бағытталудағы темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1107800 мың теңге (бір миллиард бір жүз жеті миллион сегіз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы; "Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы халқының темір жол тасымалдарына әлеуметтік-қажетті мұқтаждықтарын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: әлеуметтік маңызы бар қатынастар

бойынша Қазақстан халқын темір жол көлігімен үздіксіз және қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ету; темір жол жолаушылар тасымалынан болатын шығындарды республикалық бюджеттен жабу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет-са.-ны | Бағ.-дар.-лама коды | Кіші бағ.-дар.-лама коды | Кіші бағдарлама.-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері-не әлеумет-тік маңызы бар аудан-аралық (қалааралық) және ішкі бағыттардағы темір жол жолаушылар тасымалда-рын субси-диялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі әлеуметтік-маңызды қатынастар-дағы темір жол жолаушылар тасымал-дарын субсидиялауға арналған облыстық бюджеттерге, Астана мен Алматы қалала-рының бюджеттеріне мақсатты ағымдағы трансферттерді аудару. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Көлік және коммуни-кациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы халқының темір жол тасымалдарына әлеуметтік-қажетті мұқтаждықтарын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
162-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 600000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы ; "Авиабағыттарға субсидияларды жұмсау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 тамыздағы N 915 қаулысы ; "Азаматтық авиация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 291 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласын Қазақстанның облыс орталықтарымен және облыстық маңызы бар қалалармен қосу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Авиатасымал үшін тарифтерді темір жол көлігімен жүру үшін билет бағасының деңгейіне дейін төмендету арқылы орта статистикалық тұтынушыларды әлеуметтік маңызы бар рейстер бойынша авиакөліктік қызметтер көрсетулерге қол жеткізуін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретсаны | Бағдарламакоды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 019 | Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ережелерге сәйкес ішкі авиабағыттар бойынша тұрақты авиатасымалдарды субсидиялау: Астана-Тараз-Астана; Астана-Жезқазған-Астана; Астана-Қызылорда-Астана; Астана-Петропавл-Астана; Астана-Семей-Астана; Астана-Қостанай-Астана; Астана-Өскемен-Астана; Астана-Талдықорған-Астана. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ішкі бағыттарда тұрақты жолаушылар ағынын және жеткілікті табыстылық деңгейін қамтамасыз ету және жолаушылар тасқынын орташа есеппен 59%-ға арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
163-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Су көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 350000 мың теңге (үш жүз елу миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан

Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Жайық-Каспий каналы бойынша кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Жайық-Каспий каналын қайта жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Реттаса.ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Су көлігі инфрақұрылымын дамыту | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына 2-қосымшаға сай, бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес "Орал-Каспий каналын қайта жаңарту" (жұмыс жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2002 | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

жылғы 5 шілдедегі N 177 бұйрығы), мынадай іс-шараларға: Жайық-Каспий каналында 1306,21 мың м3 көлемінде түбін тереңдету (жарқарпу) бойынша жұмыстар; жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес қайта жаңартылатын канал дирекциясын ұстау және басқа да жұмыстар.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сандық көрсеткіштер: жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындау көлемі - жұмыстардың жалпы сметалық құнынан 100%;

сапалық көрсеткіштер: Жайық-Каспий каналында кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
164-ҚОСЫМША

*Ескерту. 164-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көлік жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 14419318 мың теңге (он төрт миллиард төрт жүз он тоғыз миллион үш жүз он сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қоры мен Қазақстан Республикасы

арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының Жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 мамырдағы Заңы ; "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңы ; "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы N 574 Жарлығы ; "Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1019 Жарлығы ; Ертіс өзеніне салынатын көпірдің Жобасын жүзеге асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1212 қаулысы ; "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 534 қаулысы ; "Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымын және жолдарын 2010 жылға дейін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1190 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы ; "Алматы қаласында метрополитеннің бірінші желісінің бірінші учаскесін салуды қамтамасыз ету туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 11 мамырдағы N 182 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Транспорт инфрақұрылымын дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Транспорт Инфрақұрылымын дамыту үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен мақсатты инвестициялық трансферттерді аудару, Ертіс көпірі арқылы өтетін көпірді салу жобасы шеңберінде жасалған 1998 жылғы 28 қаңтардағы "IHI" компаниясымен жасалған келісім міндеттемесіне сәйкес Шығыс Қазақстан әкімшілігінің міндеттемені орындауы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 028 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттері-не көлік жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму транс-ферттері | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "2005 жылғы республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республи-касының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республи-касы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқ-сандағы N 1289 қаулысының 2-қосым-шасында көрсетілген тізбе бойынша және сома шегінде көлік-тік инфрақұрылымды дамытуға нысаналы даму трансферттерді аудару. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Көлік және коммуни-кациялар министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Заңнамалық белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжатқа сәйкес қалалық көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс көлемдерін орындау; Ертіс көпірі арқылы өтетін көпірді салу жобасы шеңберінде жасалған 1998 жылғы 28 қаңтардағы "IHI" компаниясымен жасалған келісім міндеттемесіне сәйкес Шығыс Қазақстан әкімшілігінің міндеттемені орындауы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
165-ҚОСЫМША

*Ескерту. 165-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын күтіп-ұстау" деген 030 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 238931 мың теңге (екі жүз отыз сегіз миллион тоғыз жүз отыз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын республикалық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 карашадағы N 1202 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: "Transport tower" ғимаратына (бұдан әрі - Ғимарат) шаруашылық қызмет көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ғимараттың технологиялық жабдықтарын қолдау және оларға техникалық қызмет көрсету, ғимаратты күзету, оған шаруашылық қызмет көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 030 | | "Transport tower әкімшілік-технология-лық кешені ғимаратын күтіп-ұстау | Ауданы 32294 шаршы метр ғимаратты күтіп-ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, соның ішінде: электр техникалық жабдық-тарды, инженерлік желілер мен комму-никацияларды, желдеткіштің сору- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы-ның Көлік және коммуни-кациялар министрлігі |

шығару жүйесін, өрт қауіпсіздігін, өрт-сигналын беру мен түтінді жоюды, сыртқы және шикі желілері бар автоматты телефон станциясын; сыртқы инженерлік желілерге қызмет көрсету; суық-жылумен жабдықтау, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйесінің, лифтілер жұмысының алдын алу жұмыстарын жүргізу; Ғимаратты күзету; Ғимараттың ішкі үй-жайлары мен қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза ұстау, Ғимаратты санитарлық тазарту, аумақтан қоқыс пен қарды әкету және Ғимараттың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да жұмыстар; Ғимаратқа шаруашылық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, Ғимаратты сақтандыру, терезелерді және витраждарды жуу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Ғимараттың барлық технологиялық жабдықтарының үздіксіз және авариясыз жұмыс істеуі, мемлекеттік қызметкерлер үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК